

## Анықтама

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары аясында "Даналық мектебі" клубының "Жеңге мектебі" секциясының "Қыз ғұмырдың құпиялары" тақырыбында іс-шара өткізілді. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу жөнінде терең мағыналы әңгіме жүргізілді. Ата-аналарға сұрақтар қойылып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

